

Отандық подкаст: күнгей мен көлеңке



Podcasts

4-БЕТ

Білімді сардар мыңды жығады



6-БЕТ

Ұлттық ойындар ұлықталды



8-БЕТ

* Қылмыспен күрес

КӨЛІК ЖҮРГІЗУ ҚҰҚЫҒЫНАН АЙЫРЫЛДЫ



Еліміздің Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде 608-бап бар. Ол «Жүргізушінің көлік құралын алкогольдік, есірткілік және (немесе) уытқұмарлық масаң күйде басқаруы, сол сияқты көлік құралын алкогольдік, есірткілік және (немесе) уытқұмарлық масаң күйдегі адамның басқаруына беру» деп аталады. Ал аталған бап бойынша жүргізушілік куәлігінен айрылған азамат осы әрекетін қайталап жасаса, онда қылмыстық жауапкершілікке тартылады.

➔ 6-БЕТ

* Төтенше жағдай

КӨРШІГЕ КӨМЕК

Құлсары қаласы №2 мемлекеттік өрт сөндіру бөлімінің қызметкерлері мал іздеуге шығып, мотоциклден құлап, дене жарақатын алған Ақтөбе облысының тұрғынына жәрдемдесті. Бөлімнің байланыс бекетіне наурыз айының 20-сы күні 23 сағат 36 минутта азамат Е.Түгелбай хабарласып, әкесінің ауыр халде үйінде жатқанын, медициналық көмекке мұқтаж екенін баяндаған.

Негізінен көмекке мұқтаж жан көршілес Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы, Диар ауылының тұрғыны еді. Алайда, облыс орталығының қашықтығына байланысты жылыойлық құтқарушылардан көмек сұрапты. Біздің жігіттер әкімшілік аумақтық бөлініске қараған жоқ, наукас жанға қол ұшын созуға асықты. Сөйтіп №2 мемлекеттік өрт сөндіру бөлімі бастығының орынбасары, азаматтық қорғаныс капитаны А.Әбілқасов бастаған мамандар, полиция бөлімінің қызметкері мен орталық аурухананың мейірбикесін және жол көрсетуші тұрғынды ертіп оқиға орнына аттанады.

Диарға жеткенде 1973 жылы туған азамат Құдайберген Оразымбетовтың дене жарақатын алып, үйінде жатқанына куә болады. Төрт түлігін түгендеп шыққан азамат жолсыз жерге түсіп қалып, мотоциклден құлап, бұғанасын және қабырға сүйегін сындырған. Сол жерде науқасқа алғашқы медициналық көмек көрсетіліп, 12 сағат 55 минутта аудандық ауруханаға жеткізілген. А.Әбілқасовтың айтуынша, медициналық көмек көрсетілгеннен кейін науқастың жағдайы жақсарып, туыстары Ақтөбеге алып кеткен.

Науқасқа көмек беру үшін құтқару тобы «ТРЭКОЛ-39294» жол талғамайтын автокөлігін жұмылдырды.

Ш.ХАМИТОВА

* Баспасөз - 2024

Құрметті оқырман!

Өзіңіздің сүйікті басылымыңыз – «Кен Жылой» газетіне 2024 жылға жазылу жалғаса береді.

Егер өткен баспасөзге жазылу науқаны кезінде аудан айнасын алдырып үлгере алмай қалсаңыз, онда «Қазпошта» АҚ-ның аудандық бөлімшелеріне барыңыз немесе редакцияға тікелей келіп, балама түрде жазылыңыз!

«Қазпошта» арқылы 6 айға - 1750,32 тг, 1 жылға - 3500,64 тг, Ал балама түрде 6 айға – 1400 тг, 1 жылға – 2800 тг. Жаңа Ұлу жылында да бізбен бірге болыңыз!

Редакция

Тел.: 8-701 413 95 22, 8-775 825 75 18



* Табыс

АЙМАҚТАҒЫ ҚАРЖЫ НАРЫҒЫ

Ұлттық банк Атырау филиалының баспасөз қызметінің хабарлауынша, 2024 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша облыс аумағында екінші деңгейдегі банктердің (ЕДБ) 14 филиалы, 49 бөлімшесі, 63 айырбастау пункті жұмыс жасады.

НЕСИЕ НАРЫҒЫ

2023 жылы облыстың ЕДБ филиалдарымен 828,7 млрд. теңге сомасында несие берілді. Бұл 2022 жылға қарағанда 32,4%-ға көп. Занды тұлғаларға несие беру 25,2%-ға өсіп, 218,7 млрд. теңгеге дейін көбейді, ал жеке тұлғаларға – 35,2%-ға артып, 610,0 млрд. теңгеге дейін жетті.

Өткен жылы азаматтарға тұтыну мақсатында 453,9 млрд. теңге берілді. Бұл 2022 жылғы көрсеткіштен 42,6%-ға жоғары. Бұл ретте жеке тұлғаларды несиелендірудің жалпы көлемінде тұтыну несиелерінің үлес салмағы 74,4%-ды құрайды.

2024 жылғы 1 қаңтардағы есеппен облыстағы банк филиалдарымен берілген несиелердің берешегі 759,6 млрд. теңгені құрады. Былтырғы жылғы 1 қаңтармен салыстырғанда ол 21,1%-ға өскен. Жеке тұлғалардың берешегі 2023 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 25,5%-ға көбейді және 647,8 млрд. теңгені құрады, ал заңды тұлғалардікі–0,7%-ға және 111,8 млрд. теңге болды.

2024 жылғы 1 қаңтардағы есеппен тұрғындарға тұтыну мақсатында берілген несиелердің берешегі 397,6 млрд. теңгені құрады және былтырғы жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 28,9%-ға өсті. Осы орайда жеке тұлғаларды несиелендірудің

жалпы көлемінде тұтыну несиелерінің үлес салмағы 61,4%-ды құрағанын айта кеткен жөн.

2024 жылғы 1 қаңтарға несиелер бойынша мерзімі өткен берешектер көлемі 2023 жылғы 1 қаңтармен салыстырғанда 41,1%-ға азайды және 19,0 млрд. теңгеге дейін төмендеді. Осы ретте мерзімі өткен берешектердің жалпы көлемі заңды тұлғалардың үлесінде 27,4%-ды құраса, жеке тұлғаларда 72,6% болды.

ДЕПОЗИТ НАРЫҒЫ

Биылғы жылғы 1 қаңтардағы есеппен ЕДБ филиалындағы салымдар көлемі 2023 жылғы 1 қаңтармен салыстырғанда 17,9%-ға көбейді және 658,3 млрд.теңгеге жетті. Жеке тұлғалардың депозиті 21,0%-ға өсіп, заңды тұлғалардікі–12,3%-ға жетті.

2024 жылғы 1 қаңтарға ұлттық валютадағы салымдардың үлесі былтырғы жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 66,6%-дан 75,5%-ға өсті, ал шетел валютасымен–38,4%-дан 24,5%-ға кемігені байқалды.

ВАЛЮТА НАРЫҒЫ

2024 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қолма-қол шетел валютасымен айырбастау опера-

цияларын облыстың 86 айырбастау пункті жүзеге асырды. Олардың 63-і уәкілетті банктердің,12-і «Қазпошта» АҚ филиалының және 11-і уәкілетті ұйымдардың үлесіне тиеді.

Өткен жылы облыстың айырбастау пункттерімен халықтан 92,7 млн. АҚШ доллары сатып алынды. Бұл 2022 жылдың көрсеткішінен 30,0%-ға төмен. Сонымен қатар 4,7 млн. еуро (46,0%-ға азайды), 2 074,8 млн. Ресей рублі (12,0%-ға кеміді) алынды.

Облыстың айырбастау пункттерімен өткен жылы халыққа 339,3млн. АҚШ доллары сатылды. Ол 2022 жылмен салыстырғанда 3,5%-ға кеміген. Бұдан басқа халыққа 14,7 млн. еуро (35,2% азайды), 2 717,3 млн. Ресей рублі (38,2%-ға азайды) сатылған.

ТӨЛЕМ КАРТОЧКАЛАРЫ

2024 жылғы 1 қаңтарға айналымдағы төлем карточкаларының саны облыс бойынша 2 698,50 мың бірлікті құрады. Облыста 594 банкомат, 35 671 POS-терминал жұмыс жасайды.

Өткен жылы төлем карточкаларын пайдалану арқылы қолма-қол ақшасыз төлемдер бойынша 4085,4 млрд. теңге сомасында (2022 жылмен салыстырғанда 7,2%-ға өсті) 348,9 млн. транзакция (өсім 22,8%) жасалды.

Былтырғы жылы карточкалық шоттан қолма-қол ақша алу бойынша 787,4 млрд. теңге сомасында (2022 жылмен салыстырғанда 4,7%-ға азайды) 8,3 млн. транзакция (13,3%-ға азайды) жасалды.

Өз тілшімізден